

№48 (20 861)  
28 қараша,  
2024 жыл, бейсенбі




# Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Instagram: Atyrau.gazeti
- Email: atyrau\_gazeti@mail.ru
- Facebook: Атырау газеті
- Website: www.atr.kz

*\*Цифрлық даму*

## Жасанды интеллект АДАМНАН ДА АҚЫЛДЫ



Алыста жүрсе де, бірін бірі лезде тауып алатын роботтар, коммуналдық қызмет түрлерін ұялы телефон арқылы басқарып, домофон мен пәтер есігін кілтсіз-ақ қашықтықтан ашып-жабу, көзі нашар көретін немесе жанарынан айырылғандарға арнайы Chat GPT бағдарламасын ұсыну, желатиннен зиянсыз пластик ыдыс өндіру, бананның қабығын өңдеу арқылы жаңа өнім шығару...

Иә, бұл тізімді өрі қарай да жалғастыра беруге болады. Бұрын үш ұйықтасақ та түсімізге кірмеген озық технологиялардың жемісіне қазір қалыпты жағдай ретінде қабылдайтын жағдайға жеттік. Атыраулық IT-мамандар мұндай жаңашыл бағдарламаларды ойлап тауып, оны біртіндеп қолданысқа

*\*Қауіпсіз қоғам*

## «...МАМА, ертең ІШПЕЙ КЕЛЕСІЗ ҒОЙ?!»



Қаламәңгі жасаған Дәурен ҚУАНЫШ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ АЙРЫҚША МӘН БЕРГЕН. «ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, БЕСІГІНДІ ТҮЗЕ» ДЕГЕН СӨЗ ДЕ ОСЫНЫ АҒҒАРТСА КЕРЕК. АЛ, БҮГІНДЕ БЕСІКТЕ ТЕРБЕЛГЕН БАЛАНЫҢ ТӘРБИЕСІ КӨНІЛЛІ КӨНІШТІПЕЙ ТҮР. ӨЙТКЕНІ,

«АТЫРАУ» ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕ» ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНДАР ӨКІЛДЕРІ МЕН САРАПШЫЛАР ОРНЫҚТЫ ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ.

## Әдеп кодексінің сақтау – міндет

ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) басты міндет – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша

ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Әдеп кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық – адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар күшейе түсті. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті, олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенім нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара мәдениетін қалыптастыруға және

мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлықтарына үлкен мән берілуде. Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексі және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқару қажет.

**М.ОРАЗҒАЛИЕВА,**

Атырау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының Әдеп жөніндегі уәкілі



## ОБЛЫСТЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

**Облыстың банк секторы.** 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша облыс аумағында екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – ЕДБ) 14 филиалы, 47 бөлімшесі, 59 айырбастау пункті жұмыс істеді.

**Облыстың несие нарығы.** 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте облыстың ЕДБ филиалдарымен 686,0 млрд. теңге сомасына несие берілді, бұл 2023 жылғы сәйкес кезеңге қарағанда 17,2 %-ға көп. Заңды тұлғаларға несие беру 32,4%-ға 195,7 млрд. теңгеге дейін көбейді, ал жеке тұлғаларға – 12,1%-ға 491,3 млрд. теңгеге дейін.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте азаматтарға тұтыну мақсаттарына 369,6 млрд. теңге берілді, бұл 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте көрсеткіштен 22,4%-ға жоғары.

2024 жылғы 1 қазанда облыстағы банк филиалдарымен берілген несиелер бойынша берешектер 862,5 млрд. теңгені құрады, 2023 жылғы 1 қазанмен салыстырғанда 21,7%-ға өскен. Жеке тұлғалардың берешектері 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18,6%-ға көбейді және 725,2 млрд. теңгені құрады, заңды тұлғалардікі – 41,3%-ға және 137,3 млрд. теңге.

2024 жылғы 1 қазанға тұрғындарға тұтыну мақсаттарына берген несиелер бойынша берешектер 469,7 млрд. теңгені құрады, 2023 жылдың сәйкес көрсеткішімен

салыстырғанда 27,2%-ға өсті. Осы орайда жеке тұлғаларды несиелендірудің жалпы көлемінде тұтыну несиелерінің үлес салмағы 64,8%-ды құрайды.

2024 жылғы 1 қазанға несиелер бойынша мерзімі өткен берешектер көлемі 26,6 млрд. теңгені құрады немесе ЕДБ филиалдарының несие портфелінің 3,1%.

**Облыстың депозит нарығы.** 2024 жылғы 1 қазанға ЕДБ филиалдарындағы салымдар 2023 жылғы 1 қазанмен салыстырғанда 21,5%-ға көбейді және 739,1 млрд. теңгеге жетті. Жеке тұлғалардың депозиттері 28,5%-ға өсті, заңды тұлғалардікі – 7,8%-ға.

2024 жылғы 1 қазанға ұлттық валютадағы салымдардың үлесі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 72,1%-дан 76,4%-ға өсті, ал шетел валютасымен – 27,9%-дан 23,6%-ға кеміді.

**Облыстың валюта нарығы.** 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын облыстың 82 айырбастау пункті жүзеге асырды, олардың 59 – уәкілетті банктердікі, 12 – «Қазпошта» АҚ филиалының және 11 – уәкілетті ұйымдардікі.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте облыстың айырбастау пункттерімен халықтан 55,2 млн. АҚШ доллары сатып

алынды, бұл 2023 жылдың көрсеткішінен 24,9%-ға төмен. Сонымен қатар 3,3 млн. еуро (11,2%-ға азайды), 1 517,4 млн. ресей рублі (2,1%-ға кеміді) сатып алынды.

Облыстың айырбастау пункттерімен 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте халыққа 228,8 млн. АҚШ доллары сатылды, 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 7%-ға кеміген. Бұдан басқа халыққа 10,1 млн. еуро (8,5% азайды), 2 004,6 млн. ресей рублі (4,1 %-ға азайды) сатылды.

**Төлем карточкаларын пайдалану.** 2024 жылғы 1 қазанға айналымдағы төлем карточкаларының саны облыс бойынша 2 833,5 мың бірлікті құрады. Облыста 593 банкомат, 46 750 POS-терминал жұмыс жасайды.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте төлем карточкаларын пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша 3 021,4 млрд. теңге сомасына (2023 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 0,7%-ға өсті) 289,4 млн. транзакция (өсім 13,9%) жасалды.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте карточкалық шоттан қолма-қол ақша алу бойынша 591,8 млрд. теңге сомасына (2023 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 2%-ға өсті) 5,9 млн. транзакция (6,1%-ға кеміді) жасалды.

ҚР Ұлттық банкінің Атырау филиалы

**Жарнама байланыс телефоны:**

**45-85-67**

«Силлено» ЖШС-і «Атырау облысында алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші кезең (полиэтилен өндірісі) жобасына «Қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылы 6 қаңтарда сағат 15.00-де Атырау қаласы, Абай көшесі 5 («Каспиймұнайгаз «ҒЗЖИ» АҚ» конференц-залы) мекен-жайы бойынша өтеді.

Сонымен қатар ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция онлайн режимінде де өткізілетін болады.

Сілтеме: <https://us02web.zoom.us/j/2102804655?pwd=MmREcXd2Ry9nOStSSIZIMTelVitCdz09&omn=89253654907>

Конференция идентификаторы: 210 280 4655

Кіру коды: 123456

Тапсырыс беруші – «Силлено» ЖШС-і, 060000, Атырау қ., Қарабатан өнеркәсіптік аймағы, №28 құрылыс. БСН 180740016412, 8(7122) 76-15-99.

Құжаттама пакетін әзірлеуші – «Каспиймұнайгаз «ҒЗЖИ» АҚ», 060007, Атырау қ., Абай көшесі 5, БСН 011040002347, 8(7122) 99-28-04.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы: Атырау облысының «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы», Әйтеке би көшесі 77, электрондық мекен-жайы - atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел.: + 7 (7122) 32-55-09.

Жоба бойынша құжаттама БЭП [www.ecoport.kz](http://www.ecoport.kz) сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар [atr.priroda@atyrau.gov.kz](mailto:atr.priroda@atyrau.gov.kz) электрондық мекен-жай бойынша және [www.ecoport.kz](http://www.ecoport.kz) сайтында қабылданады.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС ұжымы Атырау облысының Құрметті азаматы, газет жанашыры Қатимолла Ризуановқа қызы

**Гүлзаданың**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.